

# ЛЕНИН ТУЫ

ККП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ККП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 55 (9117) | 1953 жылғы 14 март Сенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйыл.

## Облыс еңбекшілері Коммунистік партияның төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтаса береді

Совет Одағының Коммунистік партиясы мен еліміздің және бүкіл дүние жүзі еңбекшілері орны толмайтын үлкен қазаға душар болып, Лениннің ең жақын серігі, оның ісін данышпандықпен алға апарушы, ССРО Министрлер Советінің Председателі және Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің Секретары Иосиф Виссарионович Сталин жолдасты ақырғы сапарға шығарып салды. Бұл қаза Коммунистік партияға, совет халқына және бүкіл дүние жүзінің еңбекшілеріне Лениннің қазасынан кейінгі аса ауыр қаза болды. Өйткені, Сталиннің есімі совет адамдарына, дүниенің барлық бөлегіндегі ең қалың халық бұқарасына қымбат есім еді. Совет халқы және дүние жүзіндегі прогресшіл адамзат Сталин жолдасты заманымыздың ақылгөйі, барлық адал ниетті адамдардың досы, қамқоршысы деп біледі, оған зор сеніммен қарайтын еді. Сталин жолдасты жеңістеріміз бен табыстарымыздың дөңбегі, ұйымдастырушысы, бейбітшіліктің туын көтеруге көсеміміз, ұстазымыз деп орынды мақтан ететін. Сондықтан да Сталин жолдасты совет халқымен бірге дүние жүзі прогресшіл адамзаты шексіз сүйіп, құрмет-қошемет көрсетуге еді.

Еліміздің және бүкіл дүние жүзінің еңбекшілерімен бірге облыс еңбекшілері де бұл ауыр қазаға ортақ болды. Кәсіпорындарында, колхоздарда, совхоздарда, МТС-терде, мекемелерде және оқу орындарында өткізілген қаралы митингілерде жұмысшылар мен колхозшылар және интеллигенттер бұл қазаның өздерінің жүректеріне ауыр жара салғандығын айта келіп, көмеңгер көсеміміз ұлы Сталинге деген шексіз сүйіспеншіліктерін білдірді. Олар бүкіл совет халқымен бірге Сталин жолдастың ісін, Коммунистік партияның ісін бұлжытпай жүзеге асыратындықтарын айтып, өздерінің сертін берді.

Иосиф Виссарионович Сталинді жерлеуге арналған қаралы митингідегі сөздерінде ССРО Министрлер Советінің Председателі

Олар бастаған партия совет халқын жеңістен-жеңіске жеткізе береді... Бұл күндері біздің цех өндіріс жоспарын асыра орындауда. Келешекте де цех коллективі еселенген жігермен жұмыс істей жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауда нақтылы міндеттемелер алды.

— Иосиф Виссарионович Сталин, — дейді колхозшы Позняков жолдас редакцияға жазған хатында, —өзінің барлық өмірін еңбекші халықтың бақытты тұрмысы жолына, коммунистік қоғам құру жолына жұмсады. Сталиннің күнбе-күн көрсеткен аталық қамқорлығы арқасында біздің колхоз ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайып, өсті. Біздің материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесіміз жылдан-жылға жақсарып келеді. Біз Ленин —Сталин партиясының және Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да берік топтасып, социалистік ауыл шаруашылығын өркендету беруге зор үлес қосамыз.

Қазақ ССР-нің еңбегі сіңген мұғалымы Курбаковская жолдас былай деп жазады: «Біз совет мұғалімдері, бұл ауыр қайғылы күндерде Коммунистік партияның және Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да берік топтаса тұсумен бірге, Отанына шын берілген, жауға мейрімсіз, коммунизмнің жас құрылысшыларын тәрбиелеуге барлық күшімізді жұмсаймыз деп ант елеміз. Ұлы көсемнің жарқын бейнесі біздің жүрегімізде мәңгі сақталды. Сталин әр қашан да бізбен бірге».

Міне, бұл пікірлер мен тілектер, ұлы көсеміміз Сталин жолдасқа берілген анттар мен Коммунистік партияға және Совет Үкметіне берілген серттер облыстың барлық еңбекшілерінің анттары мен серттері. Бұл олардың Ленин мен Сталиннің ұлы ісін қалтқысыз алға апарды деп Ленин мен Сталиннің сенімді серіктеріне білдірген сенімдері. Бұл олардың Коммунистік партияның және Совет Үкметінің төңірегіне тығыз топтаса отырып, бүкіл совет халқының түпкі мақсаты —елімізде коммунизм орнату жолындағы бүкілхалықтық

## Коммунистік партияның төңірегіне онан сайын тығыз топтаса түсейік!

### Сталин—бақыт

Бүкіл еліміз болып қатты қайғыруда. Орман зор қайғыға әрбір үй, әрбір семья душар болды. Есімін шексіз сүйіспеншілікке бөлеп, әкеміз, ұстазымыз, досымыз деп атаған ең жақын адамымыз арамздан біржола жетті. Социализм елінің рух ұстаушысы ұлы Сталин қайтыс болып, совет халықтары өлшеусіз бақытсыздыққа ұшырады.

Еңбекші халыққа қажырлылықпен еңбек ете отырып, ол бізге жаңа өмірдің бақытын жеңіп алып берді, жүрегімізге бөлшектеген деген сенім мен ұяйттың нәрін құйды, коммунизмнің салтанатты сарайын тұрғызу үшін бізді жаңа батырлық істерге баулып жігерлендірді.

Совет Одағының көп ұлтты халықтары бір тілекпен, туысқандық қатарын бұрынғыдан да нығайтып, социалистік Отан ділегіне еңбек етуде. Орыс, қазақ, украин, грузин, белорус, өзбек, армянин, тажик, латыш, эстон, қырғыз, азербайжан, түркмен, татар тағы басқа халықтарды жақындастырған, дос еткен, туыс еткен ұлы Сталин.

Көзін әрбір совет азаматы өзінің істеген ісіне үлкен ой жіберіп, терең талдау жасауда, Сталин жолдас ұйреткендей коммунизм орнатудың ортақ ісіне әркім өзінің үлесін қосу-үшін қолынан келер істің бәрін істеді ме, жоқ па, соны тексеруде, бақылауда. Әркім күн санап еңбек өнімділігін арттырып, кешегіден бүгін, бүгінгіден ертең жақсы істей берудің қажет екендігін толық түсінуде.

Сталин жолдас тәрбиелеп, шындағал Коммунистік партияның Орталық Комитетінің төңірегіне топтаса беру тілегі барлық совет адамдарының қатарын нығайта түсуде.

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен Совет Үкметінің талай сындардан өткен басшылығы коммунизмнің салтанат құруын қамтамасыз ете тіндігіне совет халықтарының сенімі зор. Сталин бізбен бірге мәңгі жасайды.

## Халықтың игілігіне, оның материалдық және мәдени керектерін барынша толық қанағаттандыруға үздіксіз қамқорлық жасау міндеті біздің партия мен үкмет үшін заң болып табылады.

Г. М. МАЛЕНКОВ.

## Ардақты ананың Сталинге деген сүйіспеншілігі

Сталиндік қамқорлыққа бөленген бұл семьяның кәзіргі күндердегі қайғысын айтып жеткізу қиын. Он баланы мөпелеп өсірген Қазина шешейдің қабағындағы қайғы ізі осы ауыр қазаға кез болған азғалы ананың кейінгі айтып-ақ аңғартады. Оның екі бетін жуған мөлдір жас жараланған жүректің сырндай сезіледі. Міне ол тер алдында ілінген Сталин жолдастың портретінен жасты көзін алмай қарап отыр. Әдемі рамкаға орнатылып, вестелі орамалмен көмкерілген бұл портретті Қазина шешей қаралы ментамен ораған.

Ауыр қайғыға бұл үйдегі пионерлер де ортақ. Бұрын сабаққа барар алдында шешелерін асықтырып, өбігер қылатын пионерлер Әминә мен Әсия бүгін ешбір үнсіз, кітаптарын алып киінді де мектептеріне кетті. Екеуінің де көздері жасқа толған. Даладан үйге келгенде де ойнып, құлынтайдай орғыш жүретін бөбектер Кенжетай мен Майра да бүгін аяқтарын ештең басып, радио тыңдап, салмақтана қалды.

— Ана, деймін неге жылайсың, — деген сүйікті ұлы, төрт жасар Кенжетайдың қыламырап шыққан дауысы ананың толқандан ойын бұзып жіберді.

— Атаң Сталин қайтыс болыпты, саған бақытты тұрмыс берген қамқоршың қайтыс болыпты, — деді де, мейрімді ана жылаған дауысын шығарып жіберді.

— Ана, — деді осы үйдің үлкен ұлы Әжібай, таңертеңнен бері қозғалысыз бір орында отырған шешесіне жақындап келіп, —Базарбайың Отан соғысында қайтыс болғанда әкеме қайрат берген де, мені майданға аттануға қолдаған да өзің емес пе едің. Бүгін де өзіңе-өзің қайрат бер. Ұлы көсем өлгенмен оның жолы мәңгі жасайды. Ол жолмен оның сенімді шәкірттері. Коммунистік партия бізді алға бас-

— Білем ғой қалқам, оның сенімді шәкірттері бар, олар Сталиннің ісін бұлжытпай алға апаратындығына мен де толық сенемін. Бірақ ойыма медеу, бойыма қуат болған адамның қайтыс болуы қабырғамды қайыстырып-ақ тұр, — деді ана жыламсырай сөйлеп.

Мал дәрігері Төлебеков Қажыбайдың үй-іні Сталиндік қамқорлыққа бөленген бақытты семьялардың бірі. Ұлы көсемнің қарапайым еңбек адамдарына деген қамқорлығы осы семьяның тұрмысынан да айқын көрінеді.

Ал, Қажыбайдың зайыбы Қазина шешей көп балалы аналарға совет үкметінің қамқорлығын айқын білген, жерген ана. Оның он баласы бар. Ең үлкені Базарбай Ұлы Отан соғысында қайтыс болды. Оның соңғысы Әжібай соғыстан екі орденді офицер болып орады.

Қажыбай қарт пен Қазина шешейдің үшінші ұлы Еркедір Алматыдағы мал дәрігерлік институтының ақырғы курсінде оқыды. Ол үздіксіз оқу озаты болып келеді. Төртінші ұлы Қасым быйыл орта мектепті бітіреді. Қыздары Нәйле VI-класста, Әминә V-класста, Әзізе III-класста оқыды. Ең кішкентайлары Әсия, Кенжетай, Майра әлі мектеп жасына толмағандар.

—Ұлы Сталиндік бақыт туы, — деді тағыда ана, —оның сенімді шәкірттерінің, Коммунистік партияның қолында. Олар ол туды бұрынғыдан да жоғары көтеріп, біздерді алға — коммунизмге бастайды. Сталин —Коммунизм туы. Біздің партия Сталиннің өсетін жүзеге асыра отырып, қызықты өмірімізді гүлдендіре береді.

Ардақты ананың бұл сөзі барлық ана-

## Колхоз құрылысы жеңе береді

Бүкіл еліміздің еңбекшілерімен бірге сан мыңдаған колхозшы шаруалар да Иосиф Виссарионович Сталиннің қайтыс болуын қатты қайғыруда. Сталин —колхозшылардың ұлы қамқоршысы.

Сталиндік қамқорлықтың игілі нәтижесін біздің, «Лұч Ленина» колхозының мысалынан айқын көруге болады. Коммунистік партияның, Совет Үкметінің және көмеңгер көсеміміз Иосиф Виссарионович Сталиннің басшылығы арқасында басқа колхоздар сыяқты біздің колхозымыз да аса ірі шаруашылыққа айналып отыр.

Колхозымызда негізгі ауылшаруашылық жұмыстары машиналармен орындалады. Бұл— колхоздың қоғамдық байлығын арттырудың негізгі қайнар көзінің бірі. Колхозымыздың озат техникамен үздіксіз және мол жабдықталуы Иосиф Виссарионович Сталиннің есімімен тығыз байланысты. Ұлы көсем колхоз өндірісін механикаландыру ісіне күнбе-күн көңіл бөліп, тікелей басшылық жасап отырды.

Өткен жылы колхоздың ақшадай табысы бір миллион сомнан асты. Оның үштен екісі егін шаруашылығынан алынды. Колхозымыз миллионер колхоз атанды. Бұл үшін біз Сталинге борыштымыз. Колхозшылар мұны өздерінің есінде әрқашан сақтайды.

Иосиф Виссарионович Сталиннің ісі әрқашан өмір сүреді. Колхозшы шаруалар Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің және Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасып, коммунизмнің жеңісі жолында тамаша өрлік істер істейді. Коммунистік партия, Сталин жолдас орнатқан колхоз құрылысы нығайған үстіне нығайып, жеңістен- жеңіске жете бермек.

Е. БАУКЕНОВ.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, «Лұч Ленина» колхозының председатели.



және Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Секретары Г. М. Маленков жолдас, ССРО Министрлер Советі Председателінің бірінші орынбасарлары Л. П. Берия және В. М. Молотов жолдас тар совет адамдарын еліміздің алдына қойылып отырған орасан зор міндеттерті мұлткісіз жүзеге асыру жолында өздерінің қажырлылығын онан сайын арттыра беруге шақырды. Бүкіл совет халқы сияқты облыс еңбекшілері де Ленин мен Сталиннің сенімді серіктері Г. М. Маленков, Л. П. Берия, В. М. Молотов жолдастардың бұл сөздерін Коммунистік партия мен Совет Үкметінің шақыруы деп біліп, оған қызу үн қосты. Сөйтін, әрбір жұмысшы, колхозшы және интеллигент өзінің жұмыс учасында еңбектің өнімділігін бұрынғыдан да арттыра түсті. Олардың мақсаты— Ленин мен Сталин көрсетіп берген даңғыл жолмен елімізде коммунизм орнату болып отыр.

Микоян атындағы ет-консерві комбинатының цех мастери Ыбраев жолдас ретінде жазған хатында былай дейді: — Сталин жолдас қайтыс болды, бірақ партия мен үкметтің басшылығы Сталин жолдасының сенімді серіктерінің қолында.

## И. В. Сталин жолдасының жаңа еңбегін және партияның XIX съезінің қарарларын насихаттау

ОРАЛ. Оралда саяси және ғылыми білімдер тарату жөніндегі қоғам бөлімі мүшелерінің қалалық жыйналысы болды. Жыйналыс И. В. Сталин жолдасының «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық еңбегі мен партияның XIX съезінің қарарларын насихаттаудың барысы туралы мәселе талқылады. Орал қаласының фабрикаларында, заводтарында, жаңа құрылыстарында, мекемелерінде, оқу орындарында И. В. Сталин жолдасының жаңа данышпандық еңбегі мен партияның XIX съезінің қарарлары туралы қоғамның 40 лекторы лекция оқуда. Қалада үздіксіз жұмыс істейтін екі лекторий ашылған. Бұл лекторийлерде бірқатар лекциялар оқылды. Көпшілікке арналған лекциялардың жаңа циклінің жоспары жасалды. Жыйналыс И. В. Сталиннің данышпандық еңбегін және партияның XIX съезінің материалдарын насихаттауды жақсартуға бағытталған шаралар белгіледі.

ҚАРАҒАНДЫ (ҚазТАҒ). Пархоменко атындағы вен машиналарын жасау кәсіпорнының коллективі И. В. Сталин жолдасының данышпандық еңбегін және партияның XIX съезінің материалдарын зор ықпалмен оқуда. Кәсіпорынның 267 коммунистері, комсомолецтері мен партияда жоқ активтері XIX съездің қарарларын үйірмелерде оқып үйренуде. Мұнда Сталин жолдасының жаңа еңбегін оқып үйрену жөнінде арнаулы үйірме жұмыс істейді. 95 үгітші XIX съездің қарарларын туралы өңгімелер өткізді. Коммунистер Шербаков және Босая жолдастар үгітші болып істей-

ді. Қоғамдық өздерінің жеделі үлескері қосуға деген ынта-жігерлері мен адал ниеттері.

«Біздің қасиетті міндетіміз, — деді Г. М. Маленков жолдас, — социалистік Отанның одан әрі гүлденуін қамтамасыз ету. Ішкі саясат саласында партияның қамқорлық жасайтын басты ісі — жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенцияның, барлық совет адамдарының материалдық әл-ауқатын онан әрі үздіксіз жақсарту беру. Халықтың игілігіне оның материалдық және мәдени керектерін барынша толық қанағаттандыруға үздіксіз қамқорлық жасау міндеті біздің партиямыз мен үкмет үшін заң болып табылады».

Біздің елімізде партиялық және мемлекеттік басшылықтың ролі сенімді қолда — ұлы Сталиннің сенімді шәкірттері мен серіктерінің қолында. Сондықтан да бүкіл совет халқымен бірге облыс еңбекшілері Коммунистік партияның және Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтаса отырып, еңбекте жаңа табыстарға жете береді. Өздерінің ең сүйікті досы және ұстазы Сталин жолдасының өсиеттерін мінсіз жүзеге асырады.

тін механика цехында мұндай әңгімелер өте қызықты өтеді.

Завод лекторийінде машина жасаушыларға арналып И. В. Сталин жолдасының жаңа еңбегі мен партияның XIX съезінің қарарлары туралы 8 баяндама жасалды, лекция оқылды.

ҚАПАЛ (Талдықорған облысы). Қапал ауданындағы мектептердің мұғалімдері И. В. Сталин жолдасының «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген классиктік еңбегі мен партияның XIX съезінің қарарларын зор ынтамен оқып үйренуде. Қапал орта мектебінің 11 мұғалімі съезд қарарларын кешкі партия мектебінде, 21 мұғалім партия және совет активінің семинарында, 130 мұғалім партия оқуы жүйесі үйірмелерінде оқып үйренуде.

Кешкі партия мектебінің тыңдаушылары оқытушылар Бедарева мен Калачева сайлаушылар арасында XIX съездің қарарларын насихаттау жөнінде зор жұмыстар жүргізіп келеді. Олардың әрқайсысы съезд материалдары жөнінде 6—7 реттен әңгіме өткізді.

Көптеген оқытушылар насихатшы болып істеуде. Партияның XIX съезінің материалдарын оқып үйрену үйірмелеріне Қоңыр орта мектебінің мұғалімі Төлепов, Қызылағаш мектебінің мұғалімі Еркінбеков, Ақсу мектебінің мұғалімі Шкунов тағы басқа жолдастар басшылық етеді. Әдебиет пәнінің мұғалімі Курочкин жолдас кешкі партия мектебінің лекторы және партия кітапханасының консультанты болып істейді.

Сталин — бұл өмір, Сталин — бұл бақыт. Сталин — болашаққа деген сенім. Сталиннің есімі мәңгілік.

М. Е. ЛАДУХИН,

Кирев атындағы заводтың инженері, Сталиндік сыйлықтың лауреаты.

## Опан игілігі үшін

Бұл қайғылы күндерде ауыр қасіретке душар болған қаланың кәсіпорындарының жұмысшылары Ленин—Сталин партиясының басшылығына зор сенім білдіріп, ұлы Отанымыздың қуаттылығын онан әрі нығайту жолында еселенген қарқынмен еңбек етуде.

Петропавл теміржол бөлімшесінің теміржолшылары бұл күндері еңбектегі ұйымшылдықтың тамаша үлгісін көрсетуде. Поездар график бойынша дәлмә-дәл жүргізілуде. Петропавл станциясының коллективі ауыр жүк тиелген составтарды жылдамдатылған маршрутпен жөнелтуде.

Ясыр жолдасының паровоз колоннасы бөлімшесіндегі ең таңдаулы колонналардың бірінен саналады. Колоннаның машинистер, ауыр составтарды жүргізудің шеберлері. Олар бесінші бесжылдықтың жоспарын орындау жөніндегі социалистік жарыстың инициаторлары, Ясыр, Демилов, Шаңдыбил, Манин және басқа жолдастар кәзір поездарды 1955 жылдың нормасы бойынша жүргізуде.

— Партия мен үкметтің шақыруына, — дейді Ясыр жолдас, — біздің колоннаның машинистері күннен-күнге еңбек өнімділігін арттырумен жауап береді.

Б. ӘЛІБАЕВ.

тайды. Сталин жолдас өзін жоқтатпайтын оқушыларын тәрбиелеп өсірген.

Т. КӘКІМОВ.

Сәбиш МҰҚАНОВ

## Мәңгі бірге

«Сталин қайтыс болды!..» деген сөзге. Бой мұздап, жан түршігіп кетті лезде. Алқынып өкпе, жүрек дүрсіл қағып, Жас сел боп келе қалды екі көзге...

Кеудеден «аһ!» ұрғанда атты жалын. Еңбекші адамзаттың түгел жанын Бұл хабар күйзелткенде, Компартия Жеңілтті жігер беріп қайғыларын.

Әр дайым партияның айтқан сөзі, — Ленин мен Сталиннің жан лебізі!.. Партия — тірі Ленин, тірі Сталин!.. Партия — көсемдердің жұмбақ көзі!..

Сондықтан оны шексіз сүйген халық Қазаға аса ауыр қайғыланып, Түсірмей бірақ еңсе, Компартия

Ленин мен Сталиннің туын алып, — «Жеңістей жеңіске!..» деп ұран тастап, Жорыққа еңбекші елді тағы бастап, Екпіндеп тартты алға халық теріс Өріне коммунизм кең құлаштап.

Көтерген Компартия ту бетінде Ленин мен Сталиннің келбетінде, Көз тойып, көңіл сенген кепілдік түр Бақытқа бізді үнемі өрлетуге!..

Сталин — Бар еңбекші адамзаттың

Бойына біткен барлық әл-қуаттың Сарқылмас бұлағыдай, оны атаса, — Халыққа орнағаны дәулет, бақтың.

Сталин — жүрекке орнап, сіңген қанға. Бойында еңбекші елдің бұл күш барда, — Басшы боп жеңістерге Компартия, Аршындап коммунизм басады алға.

Болғанмен денедегі өмір шағын, Тарихтың бүгінгі мен болашағын Кең шолып, септі Сталин күн сәулесін Бақытқа бастап бүкіл жердің шарын.

Жолымен Сталиннің өзі сызған Ассақ та нелер белес, шыңнан, құздан, Ілгері нелер мың жыл жүрсектағы, Шығады ұлы Сталин алдымыздан.

Қосылып қуанышпен барлық ұрпақ. Лениндік- сталиндік болып бір сап, Бар заман көсемдердің ардақты атын Мақтан ғып айта бермек әнмен шырқап.

Ендеше сергі қайғы, серпіл көңіл! Сталин қайда болса, — сонда өмір! Қай жерде жеңіс болса, — сонда Сталин! Сталин есімімен өседі гүлі!

Жер шарын коммунизм бөлеп гүлге, Аталып махаббатпен барлық тілде, Бақытты ұрпақтардың арасында Сталин жасай бермек мәңгі бірге!

## Ғылымның асқан кеменгері

Ұлы Сталиннің есімі совет жастары үшін өте қымбат. Біздің барлық өміріміз Сталиннің есімімен тығыз байланысты. Сталин жолдас жастар туралы: «Жастар — біздің келешегіміз, біздің үмітіміз» деді. Сталиндік Конституцияның нұры астында жастар мәселенің, әлшештеніп өсірілді.

Бақытты жастық шақ үшін Коммунистік партияға, ұлы Сталинге борышты өкпенімізді ешуақытта ұмытпаймыз.

Біз, совет жастары: «Ұстазымыз, көсеміміз Ильичті есте ұстандар, оны жақсы көріңдер, одан үйреніңдер.

Ішкі және сыртқы жаулармен Ильичше жүресің, жеңіп отырыңдар.

Жаңа өмірді, жаңа тұрмысты, жаңа мәдениетті Ильичше орнатыңдар.

Жұмыста ешуақытта кішкентай пәрседен бас тартпаңдар, өйткені кішкентай пәрседен ұлы іс құрылды...» деген Сталиннің өсиетін мұлткісіз орындаймыз. Маркстің — Энгельстің — Лениннің — Сталиннің ұлы ілімін оқып, меңгереміз. Сталиннің өмірі, ісі — бізге үлгі. Оның жарқын бейнесі совет жастарының жүрегінде мәңгі сақталады.

Бұл ауыр қайғылы күндерде біз совет жастары совет халқымен бірге, Сталиндік Орталық Комитет пен Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да берік топтаса береміз.

Т. БЕКТУРОВ,

Ушинский атындағы мұғалімдер институтының бірінші күрсінің студенті.



МОСКВА. Қызыл алаң. Совет Одағы еңбекшілерінің Иосиф Виссарионович Сталин жолдасының табыты үстіне салған венюктері. Суретті түсірген М. Харлампиев пен В. Кошевой.

(СОТА-ның фотохроникасы).



# Ғылыми коммунизмнің негізін салушы кемеңгер

(К. Маркстің қайтыс болуының 70 жылдығына)

1883 жылғы 14 мартта алаштың асқан ұлы ойшылы, ғылыми коммунизмнің негізін салушы, халықаралық пролетариаттың ұстазы және көсемі Карл Маркс қайтыс болды.

Бұл күні оның ұлы досы және серігі Фридрих Энгельс былай деп жазды:

«Біз кезір қандай болып отырсақ, соның бәріне оның арқасында жеттік; осы күнгі қоғамыста өзінің кезіргі табыстарының бәріне оның теориялық және практикалық қызметі арқасында жеттік; онысыз біз осы уақытқа дейін әлі қараяғыда қармалап жүрген болар едік» (К. Маркс, Ф. Энгельс. Шығармалар. XXII-том, 295-бет).

Тап күресінің бүкіл тарихы бойынша азат ойшылар адамдардың орасан көпшілігін құлдықтың, езушіліктің, қайыршылықтан және нағандықтан құтқарудың жолын табуға ұмтылды, бірақ, тарихқа көзқарастағы былық, озбырлық және әртүрлі қате теориялар олардан адамның қоғамдық тұрмысының сырларын жасырып келді. «Ғылыми жолмен жасалып, негізделген социализмге жеткенше, — деп жазды Сталин жолдас, — адам баласының ойына талай сергелдеді, талай азашты және талай өзгерістерді бастан кешіруге тура келді». (Шығармалар. I-том, қазақ тілінде, 10-бет).

Революциялық қызметінің жаңа басталған кезінде Маркс өзіне дейін үстем болып келген теориялық ойдың жалған бағытын көрсетіп, революциялық ғылымның міндеттерін белгіледі. «Философтар дүниені тек әртүрлі түсіндіріп келді, — деп жазды ол, — бірақ, іс оны өзгертуде» (К. Маркс, Ф. Энгельс «Таңдамалы шығармалар»). Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1948 жыл, II-том, 385-бет).

Өзінің ұлы досы және серігі Энгельспен бірге К. Маркс ең революцияшыл тап — пролетариаттың теоретигі және көсемі болып майдаға шықты. Қоғамдық ойын барлық табыстарын сын көзімен талдап, өзген таптардың күрес тәжірибесін дағыншандықпен қорытып, К. Маркс адамзат тарихының даму заңын ашты, бұл тарихтың барысы коммунизмге бастамай қоймайтынын ғылыми дәлелдеді. Оның дағыншандық шығармалары: «Философияның қайыршылығы», «Франциядағы 1848 жылдан 1850 жылға дейінгі тап күресі», «Луи Бонапарттың 18-брюмері», «Франциядағы азаттық соғысы», «Саяси экономия сынына», «Капитал», «Готз программасына сын» және басқалары, сол сыяқты, Ф. Энгельспен бірге жазған «Немістік идеология» және «Коммунистік партияның манифесті» — ғылыми коммунизмнің мәңгі жасайтын шығармалары, жұмысын табының адамзатты капиталистік құлдықтан азат ету жолындағы коммунизмнің салтан

ынан — өндірістің бұл әдісінің абсолюттік заңы осындай» («Капитал», I-том, 624-бет) екенін, пайда алуға ұмтылған буржуазия бұл жолда өшпәрсенден тартып байтынын көрсетті. Капитализм ойырсымақты, деп жазды Маркс, ол тек тірі адамның еңбегін сорғанда ғана жандады, тірі адамның еңбегін неғұрлым көп сorsa, солғұрлым семіре береді.

Капиталистік қанауың сипатын аша келіп, Маркс капиталистік қор қыйнауының жалпы заңын тапты. Бұл заң бір шетте байлықтың бағтан сайын көп жыйналуына, екінші шетте еңбекші бұқараның мүлдем және бұрынғысынан қайыршылануының күшеюіне бастайды. Мұның бәрі қайшылықтардың сөзсіз шиеленісуіне, пролетариат пен буржуазия арасындағы тап күресінің күшеюіне және буржуазияны революциялық жолмен құлатуға бастайды.

Маркстің аса ұлы еңбегі — оның адамзат тарихында алғаш рет капитализмнің сөзсіз құрылымының дәлелден қана қоймай, оның үстіне жаңа қоғамды ғылыми болжаудың тамаша үзгісін көрсеткендігінде. Өзінің еңбектерінде Маркс болашақ коммунистік қоғамның негізгі белгілерін зерттеп, капитализмнен коммунизмге өтудің жалпы жобасын дағыншандық көрегендікпен белгіледі.


«Капиталистік және коммунистік қоғам аралығында, — деп жазды К. Маркс, — революциялық жолмен оның біріншісін екіншісіне айналдыру дәуірі болады. Саяси өту дәуірі де осы дәуірге сай келеді, сондықтан бұл дәуірдің мемлекеті пролетариаттың революциялық диктатурасынан басқа өшпәрсен болуы мүмкін емес» (К. Маркс, Ф. Энгельс «Таңдамалы шығармалар», II-том, 23 -бет).

Капитализмнен коммунизмге өту дәуірі туралы айта келіп, Маркс коммунистік қоғамның дамуындағы екі фазаны: төменгі — социалистік сатыны және жоғарғы — коммунистік сатыны анықтап көрсетті.

К. Маркс социалистік қоғам капитализмнен

К. Маркс пролетариат шаруалардың негізгі бұқарасын өз жағына батыл тартуға тиіс деп есептеп, шаруаларды социалистік революция жағына тарту жолдарын белгіледі.

Пролетариат «үкмет ретінде, — деп жазды Маркс, — шаруалардың жайын тікелей жақсартатын, сөйтіп, оларды революция жағына тартатын шараларды, — алайда, бастамасында елге жеке меншіктен қолдестірткі меншікке көшуді жеңілдететін.



сөйтіп, шаруаны бұған шаруашылық жолмен өзі келетін шараларды қолдануға тиіс...» (К. Маркс, Ф. Энгельс, XV-том, 187-бет).

К. Маркс коммунизмнің жоғарғы фазасының негізгі белгілерін дағыншандық көрегендікпен көрсетті. Коммунистік қоғамның жоғарғы фазасы, деді К. Маркс, өз негізінде дамуға тиіс, коммунистік қоғамда адамдар арасында тап айырмашылықтары болмайды, еңбек күн көру құралынан адамның ең бірінші көрегіне айналады. «Әр кімнен қабілетіне қарай, әр кімге көрегіне қарай» дейтін коммунистік принцип бүкіл қоғамдық тұрмыстың негізгі басшылық принципі болады.

Ғылыми коммунизмнің теориясын жасап, К. Маркс: капитализмнен коммунизмге өту жолындағы саяси өту жобасын белгіледі.

ның ұлттық-азаттық күресін, сол сыяқты, Қытай, Индия халықтарының және басқа өзінше халықтардың күресін тілектестікпен қолдап отырды.

Маркс Россиядағы революциялық қозғалысқа жағалыды тілектестікпен ерекше назар салып отырды... Маркс пен Энгельс, — деп жазды Ленин, — орыс революциясына және оның бүкіл дүниежүзілік аса зор маңызына шын ықпалымен сенді. (Шығармалар. XII-том, қазақ тілінде, 369-бет).

К. Маркс пен Ф. Энгельстің қайтыс болуынан кейін II Интернационалдың социалистік партияларының опортунист басшылары буржуазияға жағымпаздық жұмысын табының мүдделеріне опасыздық етіп, марксизмді төксеруге саяды және оны бұрмалады. оның революциялық мазмұнын жоюға әрекеттенді, сөйтіп, пролетариатты теория және идеология жағынан қарусыздандыруға тырысты.

Маркс пен Энгельстің ісін алға апарушы кемеңгерлер — Ленин мен Сталиннің бүкіл дүниежүзілік тарихи еңбегі мынада: әрлұан түрлі опортунизмге қарсы ымырасыз күресте олар марксизмді сақтап қалуы үстіне, жаңа тарихи жағдайда империализм және пролетарлық революциялар заманында оны дәмғытып, барлық құрамды салаларында — философияда, саяси экономияда және ғылыми социализмде жоғары сатыға көтерді.

Ленинизм — империализм және пролетарлық революциялар заманының марксизмі. Ленинизм — орыстың және дүниежүзілік мәдениеттің дамуының жоғары сатысы. Ленинизм — барлық елдер үшін міндетті интернационалдық ілім.

Лениннен кейін Сталин жолдас творчестволық марксизм туын жоғары көтеріп, марксизм — ленинизмді орасан зор ғылыми жаңалықтармен байытты. Оның «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген дағыншандық жаңа еңбегі маркстік-лениндік ғылымның қазынасына баға жетпес үлес қосқандық болып, оны социализмнің және осы күнгі капитализмнің экономикалық заңдарының сипаты және күші туралы ұлы жаңалықтармен байытты.

Сталин жолдас өзінің еңбегінде социалистік қоғамдағы қоғамдық өндірістің және материалдық игіліктерді бөлудің заңдарын зерттеді. Ол социализмнен жоғары сатыға — коммунизмге өту жолдары туралы пропраммалық қағидаларды алға қойды.

Маркстің — Энгельстің — Лениннің — Сталиннің ілімі біздің партиямызға жеңілмес күш береді, тарихта жаңа жолдар салу өнерін үйретеді.

## Қытай Халық Республикасының Орталық Халық Үкметінің Председателі Мао Цзэ-дун жолдастың ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Н. М. Шверник жолдасқа жолдауы

Шверник жолдас! Қытай халқы, Қытай Үкметі және мен өзім қытай халқының шын қымбатты досы және ұлы ұстазы Сталин жолдастың қайтыс болғанын асқан ауыр қайғымен естідім. Бұл — тек совет халқы үшін ғана емес, қытай халқы үшін де, бүкіл бейбітшілік және демократия лагері мен бүкіл дүние жүзінің бейбітшілік халықтары үшін де шексіз зор қаза. Қытай халқы, Қытай Үкметі атынан және өз атымынан Сізге, совет халқына және Совет Үкметіне барынша терең қайғырандылықпен көңіл айтамын.

Қытай халық революциясының жеңіске жетуі Сталин жолдастың соңғы 30 жылдан астам уақыт бойына үнемі көрсетіп келген қамқорлығына, басшылығына және көмегіне барынша тығыз байланысты. Қытай халық революциясы жеңгеннен кейін Сталин жолдас және ол басшылық еткен ұлы совет халқы мен Совет Үкметі қытай халқының жемісті еңбегіне кен-жойлдықпен, қатқалсыз көмек көрсетіп берді. Сталин жолдастың қытай халқына көрсеткен ұлы және шын достығын қытай халқы әрқашан алғыспен есте сақтайды. Сталин жолдастың мәңгі жарқы-

райтын сәулесі қытай халқының алға басу жолын әрқашан нұрландырып отырады.

Председатель жолдас! Ленин мен Сталиннің даңқты партиясы, ұлы совет халқы және Совет Үкметі Қытай Коммунистік партиясының, қытай халқының және Қытай Үкметінің туысқандық достығына, үнемі сенімше және қолдауына әрқашан кездесіп отыратындығы күмәнеіз. Қытай халқы әрқашан ұлы совет халқымен бірге болып, Совет Одағы бастаған бейбітшілік пен демократияның бүкіл дүниежүзілік лагерін мейлінше батылдықпен баянды етіп нығайта береді, өзінің қырағалығын күшейте түседі, соғыс провокаторларына қарсы күресте күш-қуатын еселеп арттырады, совет және қытай халықтарының негізгі мүдделері үшін, бүкіл дүние жүзідегі бейбітшілік және хауіпсіздік үшін ақырына дейін күреседі. Дүние жүзінің барлық еңбекшілері, бүкіл бейбітшілік сүйгіш прогресшіл азамат Сталин жолдас нұсқаған жолда бізбен бірге алға басып бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік сақтаудың қасиетті ісін өз қолдарына алатындығына мен сенемін.

МАО ЦЗЭ-ДУН.

## В. М. Молотов Финляндия Министрлер Советінің Председателі және Сыртқы Істер Министрі У. Кекконенді қабылдады

11 мартта ССРО Министрлер Советі Председателінің Орынбасары және ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов ССРО Министрлер Советінің Председателі И. В. Сталинді жерлеуге қатысу үшін Финляндия республикасының делегациясын басқарып Москваға келген Финляндия Министрлер Советінің Председателі

және Сыртқы Істер Министрі У. Кекконенді қабылдады.

У. Кекконен Финляндияның Президенті мен үкметі атынан И. В. Сталиннің қайтыс болуына байланысты Совет Үкметіне көңіл айтты.

Қабылдауға ССРО-ның Финляндиядағы кіші елшісі В. З. Лебедев және Финляндияның ССРО-дағы кіші елшісі К. Суидстром қатысты.

## В. М. Молотов Түрік Республикасының үкмет делегациясын қабылдады

11 мартта ССРО Министрлер Советі Председателінің Орынбасары және ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов ССР Одағының Министрлер Советінің Председателі И. В. Сталинді жерлеуге қатысу үшін келген Түрік Республикасының үкмет делегациясын — Түркияның сыртқы істер министрілігінің Бас Секретары Д. Ачикалыны, 3-армияның команданщысы корпус генералы Ф. Менгючті және

президенттің бас адъютанты подполковник Н. Альпкарталды қабылдады.

Д. Ачикалы Түркия үкметінің атынан И. В. Сталиннің қайтыс болуына байланысты Совет Үкметіне көңіл айтты.

Қабылдауға ССРО Сыртқы Істер Министрінің Орынбасары Г. М. Пушкин және Түркияның ССРО-дағы Елшісі Ф. Хозар қатысты.



нат құруы жолындағы күресінде оны қаруландырып отыратын шығармалар.

«Марксизм дегеніміз, — деп үйретеді Сталин жолдас, — табиғат пен қоғам дамуының заңдары туралы ғылым, езілген және қаналған бұқараның революциясы туралы ғылым, социализмнің барлық елдерде жеңуі туралы ғылым, коммунистік қоғам құрылысы туралы ғылым» («Марксизм және тіл білімі мәселелері». 1951 жыл, қазақ тілінде, 47—48-беттер).

Теоретик ретіндегі орасан зор бүкіл қызметі бойына К. Маркс капитализмді мәңгілік деп дәлелдеуге тырысқан жалған ғылымға қарсы рақымсыз, ымырасыз күресті, Ф. Энгельспен бірге қоғам туралы шын ғылымды жасады; олар бұл ғылымды бірлесіп дамытты, онда, Энгельстің көрсеткеніндей, «Әресе экономика және тарих саласындағы негізгі басшылық ойлардың орасан зор бөлегі Маркстікі... Сонымен мұның оның есімімен аталуы әбден орынды». (К. Маркс, Ф. Энгельс. «Таңдамалы шығармалар», Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1948 жыл, II-том 366-бет).

К. Маркс философия саласында революциялық төңкеріс жасады. Алғаш рет ғылымға айналған философияның тарихындағы мүлде жаңа дәуір яғни К. Маркспен басталады. К. Маркс пен Ф. Энгельс жасаған диалектикалық материализм коммунизмнің теориялық негізі болып табылады. Жұмысшы табы өзінің коммунизм орнату жолындағы күресінде қуатты идеялық қаруға ие болды.

Орасан көп фактілерді талдау негізінде Маркс жаңа экономикалық ілім жасады, онда өндірістің капиталистік әдісінің терең сырлы және капитализмге тән, оны сөзсіз күйреуге бастайтын қайшылықтарды ашты. К. Маркс негізгі қоғамдық күшті — пролетариатты көрсетті; тарих пролетариатқа орасан зор және ардақты тарихи міндетті: адамды адамның қанауын біржолата жойып, капитализмнің көрін қазушы және жаңа, коммунистік қоғамды жасаушы болу міндетін жүктеді.

Капиталистердің байлығының шын көздерін жасыруға тырысқан буржуазияның итаршы қорғаушыларын әшкередеп, Маркс «Қосымша күн өндіру немесе байлық же-

тік қоғамнан туатынын, «сондықтан барлық жағынан, экономика, әдет-ғұрып және ақыл-ой жағынан, өзі шыққан ескі қоғамның таңбаларын сақтай тұратынын» көрсетті. (Сонда, 13-бет).

Өндірістің капиталистік әдісін социалистік әдіспен салыстыра келіп, К. Маркс капиталистік өндіріс әрдайым неғұрлым көп қосымша күн жасау мақсатын көздейтінін көрсетті. «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген да-нышпандық еңбегінде Сталин жолдас Маркстің бұл сөздерінің тамашалығын сола — бұл сөздер капиталистік өндірістің мақсатын қысқа және дәлім-дәл көрсететінін айтты.

Өндіріс құралдарының өндірісі мен тұтыну заттарының өндірісінің арасалмағын анықтай келіп, Маркс ұдайы өндіріс теориясын жасады. Бұл теория, Сталин жолдасының көрсеткеніндей, социалистік-коммунистік өндіріс үшін де күшінде болады.

«Мынаны, атап өту керек, — деп жазды Сталин жолдас: Маркс «Гота программасына сында» социализмнің және коммунизмге өту дәуірінің экономикасына талдау жасағанда өзінің ұдайы өндіріс теориясының негізгі қағидаларына сүйеніп, анығында ол қағидаларды коммунистік құрылыс үшін міндетті нәрсе деп есептеді». (Сонда, қазақ тілінде, 84-бет).

Марксизмнің негізін салушы көмеңгерлер К. Маркс пен Ф. Энгельс пролетариат гегемониясы идеясының нобайын белгілеп, пролетариат барлық еңбекшілерді өзінің төңірегіне біріктіргенде ғана буржуазияға қарсы күресті ойдағыдай жүргізе алатынын, шаруалар, қолөнершілер, барлық езілгендер өздерін күйзелуден, қанаудан, қайыршылықтан және аштықтан тек пролетариат жағына батыл шыққанда ғана құтқара алатынын көрсетті. Барлық езілгендер мен құлдыққа түсірілгендерге олардың күйзелуінің, азап шегуінің себептерін ашып көрсетіп, Маркс пен Энгельс еңбекшілер буржуазияның рақымына сеніп отыра алмайтынын, олардың шын мәнісіндегі бақытын және қуанышты болашағын, езушілерге және қанаушыларға қарсы ымырасыз тап күресінде жеңіспен орнату керек екенін дәлелдеді.

## БІЗДІҢ ҮГІТШІМІЗ

Колхоз партия ұйымы Баймурат Қалижанов жолдасы 10 үйлікке үгітші етіп тағайындағалы бірнеше ай болды. Ал, көзір ел — партия ұйымының тапсырмасын мүлтіксіз орындап жүрген үлгілі үгітшілердің бірі.

Жергілікті Советтердің сайлауы кезінде Б. Қалижанов жолдас бізге жергілікті Советтердің сайлауы жөніндегі Брежневтің

ССРО және Қазақ ССР Конституцияларын, партиямыздың XIX съезінің директива-ларының түсіндірді. Ал, бұл күндері Қалижанов жолдас онүйліктегі колхозшыларға партиямыздың XIX съезінің директива-ларын, Сталин жолдасының съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген тарихи сөзін екінің рет оқып түсіндіруде.

Қалижанов бесінші бесжылдық жоспар туралы өткізген әңгімесінде колхоздың жаңа бесжылдықтағы өркендеу перспективаларын айтып берді.

Үгітші әңгіме өткізуге келген сайын газеттер мен журналдардан өлімізде және шетелдерде болып жатқан жаңалықтарды оқып береді. Мұнымен бірге, ол өз кара-

хиялық процес болмауға тиіс, жұмысшы табы, еңбекші бұқара қоғамдық даму заңдарын түсінгеннен кейін, тарихтың барысына саналылықпен көз етіп, өту дәуірін қысқартуға, жаңа қоғамдық құрылыстың «туу азабын» бәсеңдетуге тиіс деп есептеді.

«Қоғам, — деп жазды К. Маркс, — өзінің дамуының табиғи заңының ізіне түскенін өзінде... дамудың табиғи фазаларынан аттап өте де алмайды, оларды дәйреттер бойынша жоя да алмайды. Бірақ, ол туу азабын азайтып, бәсеңдетеді алады» («Капитал», 1-том, 7-8-бет).

Коммунистік қоғам туралы ғылыммен К. Маркс жұмысшы табы мен еңбекші бұқараның қолына түпкі мақсатқа жету-дің жолын көрсететін компас берді.

К. Маркс ұлы пролетарлық революционер болды; ол халықаралық жұмысшы қозғалысының ғылыми негізін алғаш рет белгілеп қана қоймай, оның үстіне, пролетариаттың тап күресінің теориясы мен практикасын бөлінбейтін біртұтас етіп байланыстырды.

Еңбекшілердің коммунизмге жету жолын өздерінің ғылымының нұрымен сәулелендіріп, марксизмнің негізін салушылар пролетариат өзінің бүкіл дүниежүзілік тарихи міндетін тек өзінің революциялық партиясының басшылығымен ғана орындай алатынын дәлелдеді.

Алғашқы халықаралық жұмысшы ұйымы — «Коммунистер одағының» ұйымдастырушысы және көсемі, I Интернационалдың орнатушысы және көсемі Маркс жұмысшы қозғалысын ғылыми социализммен біріктіруді өзінің міндеті етіп алға қойды. Көптеген публицистикалық еңбектерінде Маркс өз заманының тарихи оқиғаларына үн қосып, үстем таптарды, реакцияшыл үкіметтерді және халық бұқарасына қыянат етуші әртүрлі опьсыздарды ашу-ызымен әшкередеді. Ол дүние жүзінің әртүрлі елдерінің күресуші еңбекшілеріне көмектесуге аянбай ұмтылды. К. Маркс Англиядағы чартистер қозғалысына, Германиядағы 1848 жылғы революцияға тікелей қатысты. Ол Париж коммуналарына зор көмек көрсетті. Ол Ирландия, Польша, Италия халықтары-

Лениндік- сталиндік идеялар барлық елдердегі халық бұқарасының империализмге қарсы, бейбітшілік, демократия және социализм жолындағы күресінің міндеттері мен болашағын революциялық теорияның нұрымен сәулелендіріп отырады.

Капиталистік елдердің еңбекші қалың бұқарасы арасында марксизм- ленинизмнің таралуын кідірту үшін американағылыш империалистері және олардың сойбашылары. — оңшыл социалистер ғылыми коммунизмді жақтаушыларға қарсы күрестің барып тұрған аулымдық, жексұрып, қаңқұйлы әдістерін көзір қай уақыттағыдан болса да кеңінен қолданула. Бірақ, империалистік реакция қандай жауыздық шаралар қолданса да, әрбір жаңа тарихи кезең марксизм- ленинизмді барған сайын жаңа жеңістерге жеткізуде.

Марксизм — ленинизм Ленинің — Сталиннің ұлы партиясының тарихи істерінде, коммунизмге қарай режіммен алға басушы совет халқының еңбегі мен күресінде өмір сүріп, жеңістерге жетуде. Марксизм — ленинизм, социализмді ойдағыдай орнатып жатқан халықтық демократия елдері еңбекшілерінің жанкыярлық күресінде өмір сүріп, жеңістерге жетуде. Марксизм- ленинизм барған сайын ұлғайған дүниежүзілік революциялық қозғалыста капиталистік елдер жұмысшы табының буржуазия диктатурасына қарсы күресінде, отарлардың езілген халықтарының империалистік құлдыққа қарсы ұлттық- азаттық қозғалысында өмір сүріп, жеңістерге жетуде.

Марксизм — ленинизм туын жоғары ұстап, алға апарған ұлы Сталин мезгілсіз қайтыс болды. Бірақ, оның идеялары мен істері ғасырлар бойы өмір сүреді. Оның мәңгі жасайтын өсімі мен жарқын бейнесі әрбір совет адамының жүрегінде, бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің жүрегінде әрдайым сақталады.

Маркстің — Энгельстің — Ленинің — Сталиннің ұлы, жеңімпаз ілімі мәңгі жасайды!

Н. САМОУКОВ.

мағындағы онүйліктегі қарт колхозшылардың әрқайсысының үйіне барып, әңгіме өткізеді. Міне, сондықтан да біз үгітші Б. Қалижановқа үнемі алғыс айтамыз. Ол біздің күнделікті, құрметті қонағымыз.

О. СИКОРА.

Преснов ауданы, «Организованный труд» колхозының колхозшысы.

## В. М. Молотов Афғанстанның делегациясын қабылдады

11 мартта ССРО Министрлер Советі Председателінің Орынбасары және ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов ССР Одағының Министрлер Советінің Председателі И. В. Сталинді жерлеуге қатысу үшін келген Афғанстан королінің өкілі — принц Мухаммед Дауд ханды және Афғанстан үкметінің өкілі — Афғанстан Сыртқы Істер Министрінің бірінші орын-

басары Абдул Гамид хан Азизді қабылдады.

Мухаммед Дауд хан Афғанстанның королі мен үкметі атынан И. В. Сталиннің қайтыс болуына байланысты Совет Үкметіне көңіл айтты.

Қабылдауға ССРО Сыртқы Істер Министрінің орынбасары Г. М. Пушкин қатысты.

## ССР Одағының Министрлер Советінің Председателі Иосиф Виссарионович Сталинді жерлеуге қатысқан шетелдердің үкмет делегациялары Москвадан жүріп кетті

ССР Одағының Министрлер Советінің Председателі Иосиф Виссарионович Сталинді жерлеуге қатысқан мына үкмет делегациялары 11 мартта Москвадан жүріп кетті:

Министрлер Советінің Председателі Г. Георгиу-деж бастаған Румын делегациясы. Делегацияны ССРО Министрлер Советі Председателінің Орынбасары М. Г. Первухин, ССРО Сыртқы Істер Министрінің Орынбасары Б. Ф. Подпероб және ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы Секретарының Орынбасары А. Ф. Горкин шығарып салды.

Премьер- Министр Отто Гротеволь бастаған Герман Демократиялық Республикасының делегациясы. Делегацияны ССРО Орталық Комитетінің Секретары М. А. Сулов және ССРО Сыртқы Істер Министрінің орынбасары Г. М. Пушкин шығарып салды.

Президент К. Готвальд бастаған Чехословак делегациясы. Делегацияны ССРО Министрлер Советі Председателінің Орын-

басары Н. А. Булганин және ССРО Сыртқы Істер Министрінің Орынбасары Г. М. Пушкин шығарып салды.

Министрлер Советінің Председателі Б. Бөрүт бастаған Польша делегациясы. Делегацияны ССРО Министрлер Советі Председателінің орынбасары Н. А. Булганин және ССРО Сыртқы Істер Министрінің Орынбасары Я. А. Малик шығарып салды.

Министрлер Советінің Председателі В. Червенков бастаған Болгар делегациясы. Делегацияны ССРО Министрлер Советі Председателінің Орынбасары М. Г. Первухин және ССРО сыртқы Істер Министрінің Орынбасары Б. Ф. Подпероб шығарып салды.

Премьер- министр У. Кекконен бастаған Финляндия делегациясы. Делегацияны ССРО Министрлер Советі Председателінің Орынбасары А. И. Микоян, ССРО сыртқы Істер Министрінің Орынбасары Я. А. Малик және ССРО-ның Финляндиядағы кіші елшісі В. З. Лебедев шығарып салды.

Редактор Г. МУХАМЕДЖАНОВ.

## КИНОЛАРДА

«УДАРНИК» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын  
«МАКСИМКА»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.  
Касса сағат 3-тен бастап ашық.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын  
«БЕРЛИННІҢ ҚУЛАУЫ»

Сеанс 4-те басталады.  
Касса сағат 3-тен бастап ашық.

«Книжторг» В. И. Ленин мен И. В. Сталин Шығармаларына қосымша жазылушыларды қабылдайды. Жаздырып алдыру алдын ала ақшасын төлемей-ақ қабылдана береді.

Тізбектелген бір топ кілт табылды. Кілтті алу үшін облыстық газеттер баспасына келіп жолығу КЕРЕК. Адрес: Петренев көшесі, 92-үй телефон 5-53.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.